

"Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 қыркүйектегі N 924 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы "Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

1-бап. "Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 21, 382-құжат; 2003 ж., N 15, 139-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 2 және 3-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап. Осы Заңда қолданылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына салым (депозит) - тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шарттың ережелеріне сәйкес тұрғын құрылысы жинақ банкінде ашылған салымшының шотына тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасының салымшысы немесе өзге үшінші тұлғалар салатын ақша сомасы;

2) тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасының салымшысы - тұрғын үй құрылысы жинақ банкімен тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шарт жасасқан Қазақстан Республикасының азаматтары және оралмандар;

3) тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шарт - осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес салымшы мен тұрғын үй құрылыс жинақ банкі арасындағы, оның ішінде банктің агенті (-тері) арқылы ж а с а л а т ы н е к і ж а қ т ы ш а р т ;

4) шарттық сома - салымшыға тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі

іс-шараларды жүргізу үшін қажет, тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасынан және тұрғын үй заемынан тұратын ақша сомасы;

5) тұрғын үй заемы - осы Заңның нормаларына және тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шарттардың және банк заемының ережелеріне сәйкес тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасының салымшысына берілетін нысаналы заем;

6) тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы - салымшылардың тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізу мақсатында тұрғын үй заемін алу үшін тұрғын үй құрылысы жинақ банктерінде жинақтаған ақша сомасы;

7) комиссиялық алым - тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шарт жасасу кезінде салымшы қызметтері үшін тұрғын үй құрылысы жинақ банкісіне төлейтін ақша сомасы;

8) жинақталған ақшаның ең аз қажетті сомасы - тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шартта анықталған тұрғын үй заемін немесе аралық тұрғын үй заемін алу үшін қажет ақша сомасы;

9) бағалау көрсеткіші - шарттық сомаларды төлеу кезектілігін қалыптастыру үшін тұрғын үй құрылысы жинақ банкі әрбір шарт бойынша анықтайтын есептеу шамасы;

10) мемлекеттің сыйлықақысы - республикалық бюджеттен жыл сайын бөлінетін және тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасының салымшыларының тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына жылдың қорытындысы бойынша салымның іс жүзінде жинақталған қалдығына есептелетін ақша және тұрғын үй құрылысы жинақ банкісінің сыйақысы;

11) аралық тұрғын үй заемы - осы Заңның нормаларына, тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің ішкі кредит саясатына және банк заемының жекелеген шартының ережелеріне сәйкес ол бойынша қалдық тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шарт бойынша шарттық соманың есебінен өтелетін шарттық соманы төлеу үшін қажет ең аз ақша сомасын жинақтаған кезде тұрғын үй құрылысы жинақ банкі қаржы рыногында тартқан осы қаражаттың есебінен тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында тұрғын үй құрылысы жинақ банкі тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасының салымшысына беретін нысаналы заем;

12) тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы жүйесі - салымшылардың ақшасын тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына тартуға және оларға тұрғын үй заемдарын беруге негізделген тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды қаржыландырудың тұйық жүйесі;

13) жинақтау мерзімі - сол уақыт ішінде тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасының салымшысы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасын жинақтауды жүргізетін және сол уақыт өткеннен кейін барлық шарттық сома төленуі мүмкін уақыт кезеңі;

14) салым бойынша сыйақы ставкасы - тұрғын үй құрылысы жинақ банкісінің ішкі құжаттарына сәйкес тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы салымшысының тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына жылдың қорытындысы бойынша салымның іс жүзінде

жинақталған қалдығына тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шарт бойынша тұрғын үй құрылысы жинақ банкі есептейтін проценттік ставка;

15) заем бойынша сыйақы ставкасы - тұрғын үй құрылысы жинақ банкіне тиесілі ақшаның жылдық мөлшерін есептеуден негізгі борышқа проценттік қатынаста тұрғын үй құрылысы жинақ банкі берген заем үшін тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шарт бойынша тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасының салымшысы төлейтін проценттік ставка;

16) жинақталған ақшаның сомасы - салымдардан, оларға тұрғын үй құрылысы жинақ банкі есептеген сыйақыдан және мемлекеттің сыйлықақыларынан тұратын салымшының іс жүзінде жинақтаған ақшасының сомасы;

17) тарифтік бағдарлама - тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына салымдар, тұрғын үй және аралық тұрғын үй заемдары бойынша сыйақы шартын, мерзімі мен ставкаларын, сондай-ақ тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің комиссиялық алымы бойынша ставкаларын анықтайтын тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің ішкі құжаты.

3-бап. Тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы жүйесі

1. Тұрғын үй құрылысы жинақ банктері, осы банктердің салымшылары және республикалық бюджеттен мемлекеттің сыйлықыларын төлеуді қамтамасыз ететін мемлекет тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы жүйесінің субъектілері болып табылады.

2. Тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен тұрғын үй құрылысы жинақ банктерінде ғана салынады және жинақталады.

3. Тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы салымшысының әрбір тұрғын үй құрылысы жинақ банкінде тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына салым бойынша бір ғана шоты болуға құқығы бар. Бұл ретте, мемлекеттің сыйлықақысы салымшының таңдауы бойынша бір тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі бір шотқа ғана есептеледі.

4. Жинақталған ақшаның ең аз қажетті сомасы шарттық соманың 25 (жиырма бес) процентінен кем болмауға тиіс.

5. Тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына салым бойынша сыйақылар ставкалары тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шарт жасасу сәтіне белгіленеді. Шарттық соманы жинақтау шартын салымшы өзгерткен жағдайда, тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына салым бойынша сыйақылар тұрғын үй құрылысы жинақ банктерінің тарифтік бағдарламасы шеңберінде тараптардың келісімі бойынша өзгеруі мүмкін.

Тұрғын үй заемы бойынша сыйақы ставкасының мөлшері тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына салымдар бойынша сыйақы ставкасынан жылдық 3 (үш) проценттен әрі аспауы тиіс.

6. Мемлекеттің сыйлықақылары және тұрғын үй құрылысы жинақ банкі есептеген сыйақы осы Заңға сәйкес салымның негізгі сомасын көбейтуге жұмсалады.

7. Тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің шотына түскен мемлекеттің сыйлықақылары тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы салымшыларының шоттарына

е с е п т е л е д і .

8. Тұрғын үй және аралық тұрғын үй заемдарын салымшылар Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізу мақсатында ғана пайдалануы мүмкін, олар болып:

1) тұрғын үй сатып алу, оның ішінде жақсарту мақсатында оны айырбастау ж о л ы м е н ;

2) тұрғын үйді салу, жөндеу және жаңғырту (құрылыс материалдарын, жер учаскесін сатып алуды, мердігерлік жұмыстар ақысын төлеуді қоса алғанда) ұ р ы н ы л а д ы .

9. Тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасының салымшысы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шартты мерзімінен бұрын бұзуға және оған тұрғын үй құрылысы жинақ банкі есептеген сыйақының салымын алуға, сондай-ақ тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шартта белгіленетін ережелерде салымды 5 (бес) жылдан астам жинаған кезде мемлекеттің сыйлықақысын алуға құқығы бар.";

2) 5 және 6-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Тұрғын үй құрылысы жинақ банктері қызметінің
н ы с а н а с ы

1. Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясына сәйкес мыналар:

1) азаматтардың тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына салымдарын қабылдау мақсатында тұрғын үй құрылысы жинақ ақшаларына салымдар (депозиттер) қабылдау, салымшылардың шоттарын ашу және енгізу;

2) тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасының салымшыларына тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі шараларын жүргізуге тұрғын үй және аралық тұрғын үй заемдарын беру тұрғын үй құрылысы жинақ банктері қызметінің негізгі түрлері болып табылады.

2. Тұрғын үй құрылысы жинақ банктері осы баптың 1-тармағында көрсетілген қызметтің негізгі түрінен басқа қаржы рыногы инфрақұрылымының бір бөлігі болып табылатын және (немесе) тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің қызметін автоматтандыруды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуды, сондай-ақ қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясына сәйкес операциялардың басқа түрлерін жүзеге асыруға құқылы, оларға мыналар жатады:

1) кассалық операциялар: банкноттар мен монеталарды қабылдау, беру, қайта есептеу, ұсақтау, айырбастау, сұрыптау, жинақтау және сақтау;

2) аударым операциялары: жеке тұлғалардың ақша аудару жөніндегі т а п с ы р м а л а р ы н о р ы н д а у ;

3) жеке тұлғалардың банктік шоттары жөніндегі тапсырмасы бойынша есептеулерді ж ү з е г е а с ы р у ;

4) жеке меншік бағалы қағаздарды эмиссиялау (акцияларды қоспағанда).

6-бап. Тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шарттың мазмұнына қойылатын талаптар

1. Тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шартта мыналар қамтылуға тиіс:

1) ш а р т т ы ң м ә н і ;

2) т ара п т ар д ы ң қ ұ қ ы қ т ар ы м е н м і н д е т т е р і ;

3) ш а р т т ы қ с о м а н ы ң, т ұ р ғ ы н ү й з а е м ы н ы ң, к о м и с с и я л ы қ а л ы м н ы ң, қ а м т а м а с ы з е т у д і ң ж ә н е т ұ р ғ ы н ү й қ ұ р ы л ы с ы ж и н а қ а қ ш а с ы н а с а л ы м д а р ж ә н е т ұ р ғ ы н ү й з а е м ы б о й ы н ш а с ы й а қ ы с т а в к а л а р ы н ы ң м ө л ш е р і ;

4) т ара п т ар д ы ң м і н д е т т е м е л е р д і о р ы н д а у м е р з і м і ;

5) т ұ р ғ ы н ү й з а е м ы н б е р у ш а р т т а р ы ;

6) ш а р т т ы ө з г е р т у е р е ж е л е р і ж ә н е б ұ з у т ә р т і б і ;

7) т ара п т ар д ы ң ж а у а п к е р ш і л і г і ;

8) Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы з а ң н а м а с ы н ы ң т а л а п т а р ы н а с ә й к е с ө з г е д е ш а р т т а р .";

3) 7-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасының салымшылары алдында оларға шарттық соманы немесе жинақталған ақша сомасын беру жөніндегі міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету мақсатында тұрғын үй құрылысы жинақ банкі қаржы рыногында заем қ а р а ж а т ы н т а р т у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Тұрғын үй құрылысы жинақ банктерінің жеке қаражатын және өзге тартылған қаражатын тұрғын үй құрылысы жинақ банктері тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы жөніндегі қызметін жүзеге асыру, тартылған қаражатты қайтару жөніндегі міндеттемелерді орындау үшін, сондай-ақ тұрғын үй заемын және аралық тұрғын үй заемын б е р у ү ш і н п а й д а л а н у ы м ү м к і н .";

4) 8, 9, 10 және 11-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

" 8 - б а п . Қ а р а ж а т т ы б ө л у

1. Тұрғын үй құрылысы жинақ банктері тартқан ақша бірінші кезекте тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы жасалған шарт негізінде тұрғын үй құрылысы жинақ банктерінің тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы салымшыларының арасында ақшаны бөлуіне сәйкес шарттық соманы төлеуге жұмсалады.

2. Тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасының салымшысына шарттық сома мынадай ж а ғ д а й л а р д а :

1) тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шартта анықталған жинақталған а қ ш а с о м а с ы ж и н а қ т а л ғ а н д а ;

2) тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шартта белгіленген жинақтау мерзімі аяқталғанда бірақ тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шарт жасалғаннан кейін к е м д е г е н д е 3 (ү ш) ж ы л д а н с о ң ;

3) тұрғын үй құрылысы жинақ банкі есептейтін тәртіппен ең аз бағалау көрсеткішіне қол жеткізгенде. Бағалау көрсеткішін есептеген кезде тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасын жинақтау ұзақтығы және ережелерін сақтау ескеріледі;

4) салымға және тұрғын үй заемын алуға құқықтары қайта берілген жағдайда, заемшының тұрғын үй заемын өтеу туралы төлем қабілеттілігін растағанда төленеді.

3. Бағалау көрсеткішін айқындау және мемлекеттің салымшыларға сыйлықақы төлеу тәртібін қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган мен бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

4. Жинақтау мерзімі өткен және тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасының салымшысы жинақталған ақшаның ең аз қажетті сомасын жинақтамаған кезде ол салымды, оған есептелген тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің сыйақысын, сондай-ақ салымды 5 (бес) жылдан астам жинақтаған кезде мемлекеттің сыйлықақысын алуға немесе мемлекеттің сыйлықақысын аударып отырып тұрғын үй құрылысы жинақ банкінде жинақтауды жалғастыруға құқығы бар.

5. Тұрғын үй құрылысы жинақ банктері банк заемының жекелеген шарттарында айтылған ережелерде тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасының салымшыларына аралық тұрғын үй заемдарын беруге құқылы.

9-бап. Тұрғын үй және аралық тұрғын үй заемдарын қамтамасыз ету

Тұрғын үй және аралық заемы жылжымайтын мүліктің, оның ішінде сатып алынатын тұрғын үйдің кепілдігімен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің ішкі кредит саясатына сәйкес тұрғын үй құрылысы жинақ банкі анықтаған міндеттемелерді қамтамасыз етудің басқа тәсілдерімен қамтамасыз етіледі.

Заемшылардың заемдар жөніндегі міндеттемелерін қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды тұрғын үй құрылысы жинақ банктері анықтайды.

10-бап. Тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына салымдар бойынша сыйлықақы төлеу шарттары

1. Мемлекет тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасының салымшыларына сыйлықақы төлеуді қамтамасыз етеді.

2. Қазақстан Республикасының 18 жасқа толмаған азаматтарының және оралмандардың салымдары немесе олардың атына арнап басқа адамдар салған салымдар да сыйлықақымен ынталандырылады.

3. Тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына салымдар бойынша жыл сайынғы сыйлықақы мөлшері ынталандырылатын салым сомасының жылдық 20 (жиырма) процентін құрайды. Сыйлықақымен ынталандырылатын салымға тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына салым сомасы мен сол бойынша есептелген сыйақы кіреді.

4. Мемлекеттің сыйлықақысы жыл сайын жылдың қорытындысы бойынша есептіден кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің есептелген сыйақысын ескере отырып тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына салым қалдығына беріледі.

Ағымдағы жылы мемлекеттің сыйлықақысы тұрғын үй құрылысы жинақ банкі тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасының салымына өткен жылы есептеген мемлекет сыйлықақысының сомасына есептелмейді.

Сыйлықақымен ынталандырылатын жинақталған ақшаның сомасы 200 (екі жүз) айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

Егер сыйлықақымен ынталандырылатын жинақталған ақшаның сомасы 200 (екі жүз) айлық есептік көрсеткіштен асса, онда жинақталған ақшаның ынталандырылмаған сомасы келесі жылы сыйлықақы есептеу кезінде ескеріледі. Бұл ретте тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы салымшысының жинақтау мерзімі аяқталғаннан кейін сыйлықақымен ынталандырылмай қалған жинақталған қаражаттың сомасына мемлекеттің сыйлықақысы төленбейді.

Тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шарт бойынша жинақтау мерзімі қаржы жылының ішінде аяқталған жағдайда сыйлықақы жинақтаудың іс жүзіндегі мерзімі аяқталған сәтке төленеді.

5. Мемлекеттің сыйлықақысын төлеу үшін қажет ақша жыл сайын тиісті жылға арналған республикалық бюджетте көзделеді.

6. Тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына салымдар бойынша мемлекеттің сыйлықақысын төлеу тәртібін бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган және тұрғын үй жинақ банкі анықтайды.

11-бап. Тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына салымдар бойынша сыйлықақы төлеуді шектеу

1. Сыйлықақы мынадай жағдайларда:

1) тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы салымшысының тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шарттың ережелерін жүйелі (қаржы жылының ішінде үш және кезекті одан да көп) бұзған жағдайда. Бұл ретте осы қаржы жылына мемлекеттің сыйлықақысы е с е п т е л м е й д і ;

2) тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы салымшысы тұрғын үй заемын мақсатсыз п а й д а л а н ғ а н ;

3) тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасының салымшысына сыйлықақы төлеуді жүзеге асыруды осы Заңның және (немесе) тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шарттың нормаларын бұзып жүзеге асырған жағдайда. Бұл ретте тұрғын үй құрылысы жинақ банкі бұзушылықтармен төлеген сыйлықақының сомасы (соманың бір бөлігі) қайтаруға жатады;

4) тұрғын үй құрылысы жинақ банкінде салымдарды жинақтау мерзімі кемінде 5 (бес) жыл болған кезде тараптардың тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шартты мерзімінен бұрын бұзған;

5) тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы салымшысының тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шарт бойынша құқықтарын Қазақстан Республикасының азаматы немесе оралман болып табылмайтын тұлғаға қайта берген;

б) бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган бір тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасының салымшысына бірнеше тұрғын үй құрылысы жинақ банктерінде тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына салымдар бойынша екі және одан да көп шоттар бойынша мемлекеттің сыйлықақысын төлеуді анықтаған жағдайда бюджетке қайтаруға жатады. Бұл ретте өткен жылдары есептелген мемлекеттің сыйлықақылары салымшының таңдауы бойынша тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы салымдарының біреуі бойынша есептелген сыйлықақыларды қоспағанда, бюджетке қайтаруға жатады.

2. Сыйлықақы мынадай жағдайларда:

1) тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің жазбаша рұқсатымен тұрғын үй іс-шараларына өткізуге тұрғын үй жинақ ақшасы туралы шарт бойынша ақшаны пайдаланған кезде, салымшының тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шарт бойынша талап ету құқықтарын немесе тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасын және (немесе) тұрғын үй заемын (аралық заемын) алу құқықтарына кепілдікті Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын басқа тұлғаға немесе оралмандарға б е р г е н ;

2) тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасының салымшысы қайтыс болған немесе еңбекке жарамдылығынан толық айрылған;

3) тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасының салымшысы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шарт жасалғаннан кейін заң актілерінде белгіленген тәртіппен жұмыссыз ретінде тіркелген және мемлекеттің сыйлықақысы төленетін сәтте 6 (алты) ай бойы үздіксіз осындай жағдайда болса;

4) осы Заңның 12-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларда бюджетке қ а й т а р ы л у ғ а ж а т п а й д ы ;

5) 1 2 - б а п т а :

1-тармақта "сондай-ақ" деген сөзден кейін "тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы ережелерінде көзделген мерзімде" деген сөздермен толықтырылсын;"

2 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

3 - т а р м а қ т а :

"бас тартқан" деген сөздерден кейін "және тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шартты мерзімінен бұрын бұзған" деген сөздермен толықтырылсын;

"5 жыл жинақтаудан" деген сөздер "ақшаны 5 (бес) жыл жинақтағаннан" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң ресми түрде жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті